

Бекітемін

Директор: Стамғалиева Б.К.

« 30 » тауыс 2021 ж.



КМҚК №55 балабақшасының
2021-2022 оқу жылына арналған
жылдық жұмыс

ЖОСПАРЫ

**КМҚК №55 «Жадыра» бөбекжай-бақшасының
2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары**

2021 – 2022 оқу жылының мақсаты мен міндеттері

Негізгі мақсат:

Инновациялық технология арқылы балалардың тілдік қорларын дамыту. Білім жүйесінің сапасын арттыру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым қатынасқа түсу.

Халықтық педагогикасымен таныстыру.

Міндеттері:

1. Халық педагогикасы негізінде жаңа инновациялық технологиялар қолдану арқылы балалардың тілдік қорларын дамыту.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік – патриоттық тәрбие берудің инновациялық жолдары.

2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие беру және оқыту іс-әрекеттерін талдау нәтижелері

КМҚК №55 балалар бақшасы екі қабатты, жылу жүйесімен қамтамасыз етілген. Асхана, кір жуатын орын және басқа шаруашылық бөлмелер бар. Балабақшада 11 топ жұмыс істейді, олар: екі кіші, үш ортаңғы, төрт ересек, екі мектепалды топтың барлығында 260 бүлдіршін тәрбиеленуде. Барлық топтар жиһаздармен, балалардың жас ерекшеліктеріне қарай көрнекі құралдармен жабдықталған. Ән-күй және дене шынықтыру залы бар. Оқу-тәрбие жұмысында 21 тәрбиеші, 2 музыка жетекшісі, Психолог, хореограф маманы, 2 дене тәрбие нұсқаушысы және орыс тілі маманы қызмет атқарады. Жалпы педагог саны 27 олардың 19 жоғары білімді, 7 арнаулы орта білімді. Бір педагог зертеуші, сегіз модератор, үш педагог – I санатты, 8 педагог – II санатты, 7 педагог санатсыз балабақшамызда жұмыс атқаруда. Күнделікті ас мәзірі санитарлық нормаға сәйкес жасалып, оның дәлдігі тексеріліп, медбике қадағалап отырады.

Биылғы жылы жылдық жоспарды: «Инновациялық технология арқылы балалардың тілдік қорларын дамыту. Білім жүйесінің сапасын арттыру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым қатынасқа түсу».

Халықтық педагогикасымен таныстыру атты проблемалық тақырыпты ала отырып 2021-2022 оқу жылына қойылған жылдық міндеттер:

1. Халық педагогикасы негізінде жаңа инновациялық технологиялар қолдану арқылы балалардың тілдік қорларын дамыту.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік – патриоттық тәрбие берудің инновациялық жолдары

1. Балабақшада осы алға қойған мақсат-міндеттерді орындау барысында жұмыстар атқарылды. Педагогикалық кеңесте 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді, топтардың оқу жылына дайындығы сарапталды, әр топтың тақырыптық-перспективтік жоспарлары бекітілді және күн тәртібі, ата-аналармен жұмыс жоспары бекітілді. Әр айда күн тәртібіндегі бала өмірі іс-әрекеттің ұйымдастырылуын қадағалап, бақылау жүргізіліп отырды. Сонымен қатар бірнеше тәрбиешілеріміз «Қазақ білімі» Республикалық ғылыми әдістемелік, «Тағылым» Республика журналындарына мақала, сабақтары жарияланды. «Айгөлек» шығармашылық фестиваленда қала аралық байқауға бүлдіршіндеріміз қатысып, Серікбай Толғанай- вокалдан III орын, Досжанқызы Раяна мәнерлеп оқудан- II орын және бір топ бүлдіршіндеріміз сазды аспаптар номинациясы бойынша III орынға ие болды. Серікбай Толғанай мен Избасар Дана 9 мамыр жеңіс күніне орай ұйымдастырылған «Ерліктерің ұрпақ есінде» атты байқауға қатысып, «Біз – Ұлы Жеңістің мұрагеріміз» атты бейне роликтері үздік деп танылып I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Балабақша ұжымы білім беру сапасын жақсарту мақсатында әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдануда шаршамай ізденуде. 2021-2022 педагог қызметкерлердің белгіленген біліктілік деңгейлерінің көтеру талаптарына бала – ел байлығы, қоғам бақытты. Сондықтан да баланың мектепке дейінгі білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі толассыз, үздіксіз күн сайын өзгеріп тұратын әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілген барлық білімнің бастамасы әрі жан-жақты дамыту түпкі негізінен қалайтын орын. Өркениет көшінен қалмай, соған сәйкес қадам жасауға, толыққанды білім алуға қол жеткізуге үлесімізді қосуымыз керек. Жаңа егемен еліміздің ұрпағын білім нәрімен сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімді де білікті маман болайық

Балабақшаның негізгі техникалық мәліметі, материалдық базасының сипаттамасы

КМҚК №55 балабақшасының ғимараты жылы қазан айында пайдалануға берілген – 6топ, 2010 жылдың сәуір айында жапсарлас ғимарат - 5 топ қосылып, 2010-2011 оқу жылының бастап 11 топ жұмыс жасауда. Мекеме 2- қатарлы, ғимарат қабырғасы кірпіштен сырты қапталған. Жарық беру, орталық жылу беру, су, кәріздер, сантехникалық құралдар қанағаттанаралық жағдайда.

Мекемеде саз залы, денешынықтыру залы, психолог кабинеті бар. Көрсетілген кабинеттер жабдықталған, аудио-видео құралдары бар, балаларға іс-әрекет жүргізуге керекті құралдар жеткілікті.

Асхана - тамақ блогы бірінші қатарға орналасқан. Асхана қажетті құрал саймандармен (тоңазытқыш шкафтар, тұрмыстық тоңазытқыш, мұздатқыш камера, элетроплита, электрлі еттартқыш) жабдықталға. Кір жуатын бөлмеде кір жаутын машина, центрифуга (кір кептіретін), кір үтіктейтін тақта, үтікпен жабдықталған. Ғимараттың бірінші қабаттында медблок орналасқан, медбике отыратын кабинет, изолятор (ауырған балаларды ата-анасы алып кеткенше оқшалау), екпе бөлмелері бар.

Балабақша ауласы ойын құралдарымен жабдықталған, балаларға ойнайтын горка, үйшік, құм орыны, жоғары сапалы ағаштан жасалған топтарға алаңдар орнатылды, ауланың көлемі талапқа сай 11 топта ойын алаңында (беседка) ойнайды. Топтар бөлмелері жабдықталған, қазіргі заманға сай кереует, балаларды тамақтандыратын стол, отырғыш т.б жиһаздар жеткілікті. Балабақша 5 интерактивтік тақта, 10 компьютер, 5 ноутбукпен жабдықталған.

КМҚК №55 «Жадыра» бөбекжай- балабақшасының төлқұжаты

.

Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі толық атауы:

«Қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты №55 «Жадыра» бөбекжай-балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны.

КӘСПОРЫННЫҢ ОРЫС ТІЛІНДЕГІ ТОЛЫҚ АТАУЫ:

«Коммунальное государственного казенное предприятие «Ясли сад №55 «Жадыра» государственного учреждения «Городской отдел образования»

ЖҰМЫС ІСТЕЙ БАСТАУЫ: қараша, 2007 жыл

КӘСПОРЫННЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ: Атырау қаласы, Привокзальный мөлтек ауданы, Б.Баймуханов көшесі, №39В, пошталық индексі- 060014

ТЕЛЕФОНЫ: +7(7122) 366891.

ЭЛЕКТРОНДЫ МЕКЕН ЖАЙЫ: 55.kmkk@mail.ru

ЖҰМЫС КЕСТЕСІ: Дүйсенбі – жұма 08:00 –ден 18.30 –ға дейін

ТОПТАР САНЫ: 11

БАЛАЛАР САНЫ: 260

ШТАТТЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ:53

РЕСУРС БАЗАСЫ:

- ТОП
- МЕДИЦИНАЛЫҚ БЛОК
- ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЗАЛЫ
- МУЗЫКА ЗАЛЫ

Мектепке дейінгі мекеме туралы қысқаша мінездеме

Атауы: №55 «Жадыра» бөбекжай балабақшасы

Мекен – жайы: Атырау қаласы

Жобалық қуаты: 260 орын

Топ саны: 11

Оқыту – тәрбиелеу тілі: қазақ тілі

Топтардың жас ерекшеліктеріне байланысты жиынтығы:

кіші топтар(2 - 3 жас) «Жұлдыз» , «Күншуақ»

Ортаңғы топтар (3- 4) «Балапан», «Қарлығаш», «Бауырсақ» ,«Жауқазын».

Ересектер тобы (4 - 5) «Аққоян», «Ботақан», «Балбөбек».

Мектепалды даярлық тобы (5-6) «Құлыншақ»), (Қарлығаш)

Балабақшада тұтыну заттары жеткілікті, балабақшаның материалдық – техникалық базасы жаңа, әрі толық жабдықталған.

Балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстарында басшылыққа алатын негізгі нормативтік құжаттар

№	Құжаттың атауы	Құжаттың мазмұны
1.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің жалпыға міндетті 13.05.2016 .№292 қаулы	Мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының базалық мазмұнына негізгі талаптарды белгілейді.
2.	Қазақстан Республикасының Конституциясы өзгертулер мен толықтырулар енгізулер туралы 2007 ж. 217057245 – III.	1995 ж. 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының конституциясының (Қазақстан Республикасының президентінің жарлығы бойынша 1996 ж. №4, 2017 құжат 998ж. №20, 245 құжат)
3.	Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2017 жылғы 27 шілдедегі № 319	Білім аймағындағы қоғамдық қатынасты осы заң реттейді, мемлекеттік сасат аумағында негізгі принципті белгілейді және ҚР азаматы білім алуына Конституциялық құқықпен қамтамасыз етуіне бағытталады.
4.	Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңы. № 151 – 1. 1997 жылы 11151 – 1 1997 жылы 11 шілде	ҚР тілді қолдану негізгі заңын, осы заң белгілейді, меңгеру және дамыту, мүмкіншілік туғызу мемлекет міндеті.
5.	Қазақстан Республикасының Конституциясының еңбек коексі Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414 –V ҚРЗ	Ұжымдағы өзара қарым – қатынасты реттейді.Қызметкерлердің еңбегін қорғау бойынша жұмысты қамтамасыз етеді.
6.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының аңы 1998 жылы 2 шілдедегі №267 – 1 (2012.05.07. өзгерістер мен толықтырулар)	Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу.
7.	Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы Заңы №151-1.1997 жылы 11 шілде	ҚР тілді қолдану негізі заңын, осы заң белгілейді, меңгеру және дамыту, мүмкіншілік туғызу мемлекет міндеті.
8.	Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы ҚР Заңы	Әрбір баланың жеке басының ерекшеліктерін ескеру, әрбір баланы жеке тұлға ретінде құрметтеу.
9.	«ҚР Мемлекеттік рәміздері туралы», № 23 – V; 28.06.2012 ж.	Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Гимн Қазақстан Республикасының мемлекеттік Рәміздері болып табылады.
10.	Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы қазақстан	Осы Заң ойыншықтар қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі талаптарды айқындау,

	Республикасының заңы 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306	белгілеу, қолдану, орындау және бақылау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді.
11.	Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы	Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі шарттарын белгілейді.
12.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық санитариялық қағидаларын бекіту туралы қаулысы № 2017 2014 жылғы 30 желтоқсан	Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілерінің күтіп – ұстауға жіне пайдалануға, тәрбиелеу, тамақтануд ұйымдастыруға, персоналды гигиеналық тәрбиелеуге, медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.
13.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспар азақстан Республикасы білім және ғылым министірлігі 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрық	1 жастан 6(7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
14.	2016 – 2017 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу – оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау №02 – 6/247 07. 06. 2016 ж.	Қазақстан республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарына (бұдан әрі бағдарлама) және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкес ұйымдастырылады.
15.	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген.	Осы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі стандарт) «Бәләм туралы 2007 жылғы 27шілдедегі қазақстан Республикасы заңының негізінде әзірленді.Стандартта «Білім туралы қазақстан Республикасының заңына сәйкес терминдер қолданылады.
16.	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министірінің м.а. 12.08.2016 ж № 499 бұйрығы.	Қағидалар «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының мектепке дейінгі ұйымдарын қоспағанда, меншік нысандарымен ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – мектепке дейінгі

		ұйымдар) қызметінің тәртібін айқындайды.
17.	Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы, ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы	ҚР заңына сәйкес білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді (бұдан әрі қызметшілер) аттестаттаудан өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.
18.	Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, ҚР БҒМ 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 бұйрығы.	Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы.
19.	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы №557 бұйрығы ҚР мектепке дейінгі білім берудең үлгілік оқу жоспарлары туралы бекітілсін.	1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы.

Мамандар туралы мәлімет

ҚМҚК №55 балабақша қызметкерлермен толығымен қамтылған

Директор - Стамғалиева Баршагуль Кабдоловна;
Білімі-Жоғары-педагогикалық;
Еңбек өтілі – 22 жыл;
Қазіргі мамандығының еңбек өтілі- 3 ж.

Әдіскер – Орисбаева Назгуль Избасаровна
Білімі-Жоғары-педагогикалық;
Санаты - I
Еңбек өтілі – 19 жыл;
Қазіргі мамандығының еңбек өтілі - 3 жыл

Мейрбике – Мұқанбаева Ақманат
Білімі-Арнаулы орта
Еңбек өтілі – 11 жыл;
Қазіргі мамандығының еңбек өтілі- 11 ж.

Дене тәрбиесінің мұғалімі – Саметов Бағдат
Білімі-Арнаулы орта-педагогикалық;
Санатсыз -
Еңбек өтілі – 1 жыл;
Қазіргі мамандығының еңбек өтілі-1ж.

Саз жетекші – Тургаева Асель
Білімі-Жоғары-педагогикалық;
Санатсыз
Еңбек өтілі – 5 жыл;
Қазіргі мамандығының еңбек өтілі-5 ж

Орыс тілі мұғалімі – Арыстанғалиева Мейрамгуль
Білімі-Жоғары-педагогикалық;
Модератор
Еңбек өтілі – 16 жыл;
Қазіргі мамандығының еңбек өтілі - 2 жыл

Педагог кадрлардың қамтылуы

№	Аты - жөні	лауазымы	Туған жылы	Білімі	Санаты
1	Стамғалиева Б.К	Директор	01.07.1973	жоғары	I
2	Орисбаева Н.И	Әдіскер	30.07.1969	жоғары	Педагог - модератор
3	Мухлесова А.К	Психолог	19.05.1969	жоғары	II
4	Арыстанғалиева М.	тәрбиеші	27.10.1977	жоғары	Педагог-модератор
5	Саметов Бағдат	Дене нұсқаушы		Арнаулы орта	-
6	Шурабаева Б.	Тәрбиеші	01.06.1970	жоғары	Педагог-модератор
7	Нұрғалиева А.С	Тәрбиеші	24.11.1992	жоғары	I
8	Смагулова Б.	Тәрбиеші	15.12.1983	Арнаулы орта	Педагог-модератор
9	Абдешова А.А	Тәрбиеші	09.07.88	Арнаулы орта	II
10	Жиентаева Д	Тәрбиеші	17.10.1968	Арнаулы орта	Педагог-модератор
11	Дауітова Б.С	Тәрбиеші	01.10.1971	жоғары	Педагог – модератор
12	Төлегенова А	Тәрбиеші	20.07.1967	жоғары	Педагог-модератор
13	Габдуллина Н.	Тәрбиеші	13.08.1979	Арнаулы орта	II
14	Қаржауова Ж.С	Тәрбиеші	13.02.1964	Арнаулы орта	I
15	Құтжанова Г.	Тәрбиеші	22.03.1967	жоғары	II
16	Құспанова Назгуль	Тәрбиеші	17.10.1998	Арнаулы орта	-
17	Ербатырова А.Б	Тәрбиеші	02.02.1965	жоғары	II
18	Мендигазиева А.	Тәрбиеші	13.01.1984	жоғары	
19	Бітімғалиева Ж.Б	Тәрбиеші	25.09.1979	жоғары	II
20	Олжағалиева С	Тәрбиеші	30.07.1969	жоғары	I
21	Кенжигалиева Э	Тәрбиеші	27.08.1983	жоғары	II
22	Жаксимова Г	Тәрбиеші	16.09.1984	жоғары	-
23	Губайдуллина Гаухар	Тәрбиеші		Арнаулы орта	-
24	Қайрошева С	тәрбиеші	8.04.1995	жоғары	Педагог-модератор
25	Тургаева Асель	Саз жетекшісі		жоғары	-
26	Гизатуллина Бибінұр	тәрбиеші	8.07.1998	жоғары	-

Әдістемелік жұмысы

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Қазақстан Республикасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін үлгілік бағдарламасын таныстыру және талдау	Қыркүйек Қазан	Әдіскер
2	Айлық жұмыс жоспарымен таныстыру	Ай сайын	Әдіскер
3	Ілгермелі жоспарлар мен оқу қызмет кестелерін мемлекеттік стандарт ережелеріне, қолданылатын бағдарламаға сәйкес құру.Тәрбиешілердің оқу қызметін,тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру туралы кеңестер беру (циклограмма,технологиялық карта толтыру)	Айдын І аптасы	Әдіскер
4	Бағдарламалар бойынша балалардың күзiреттiлiгiн даму индикаторынның жүйесін жасау,жүргізу.	Жоспарға сәйкес	Әдіскер Шығармашылық топ
5	Педагогтардың педагогикалық біліктілігін зерттеу.	Ақпан	Әдіскер Шығармашылық топ
6	Тәрбиешілердің білімін жетілдіру мақсатында қайта даярлау және жетілдіру курстарына жіберу.	Оқу жыл барысында	Директор Әдіскер
7	Балабақша педагогтарының іс-тәжірибелерін Республикалық әдістемелік басылымдарға ұсыну. Басылымдарға жазылу жұмыстарын жүргізу.Әдістемелік және ғылыми әдебиеттер жаңалығы,БАҚ-тағы мақалаларымен таныстыру.	Оқу жыл барысында	Әдіскер Шығармашылық топ
8	Білім басқармасының әдістемелік кабинетінің жоспары бойынша қала,облыс көлеміндегі шараларға қатысу	Жоспарға сай	Директор Әдіскер
9	Тәрбиешілердің әдістемелік бөлмеде жұмыс жасауын ұйымдастыру.Оқу тәрбие жұмысының әдістемелік көмек.	Айдың ІІІ аптасы	Әдіскер
10	Ертеңгіліктер мен тақырыпты мерекелік іс-шаралардың және ашық оқу қызметтерін ұйымдастыру.Кестесін бекіту.	Жоспарға сәйкес	Әдіскер
11	Көрмелер,байқаулар ұйымдастыру	Жоспарға сәйкес	Әдіскер Шығармашылық топ
12	Педагогтардың іс-тәжірибесін тарату,шығармашылығын дамыту.	Жыл бойы	Әдіскер
13	Педагогикалық кеңестер,семинарлар, кеңестер беру, аттестаттау жұмыстарын жүргізу	Жоспарға сәйкес	Әдіскер
13	Педагогикалық кеңестер,семинарлар, кеңестер беру, аттестаттау жұмыстарын жүргізу.	Жоспарға сәйкес	Әдіскер
14	Педпроцесті толықтыру: 1.Ойындарға қатысты құралдарын жинақтау 2.Барлық білім салалары бойынша дидактикалық құралдар жинақтау.	Оқу жылы барысында	Әдіскер Тәрбиешілер

15	Бала өмірін және денсаулығын қорғау жөнінде жүргізілетін сауықтыру,шынықтыру шараларын және ағарту жұмыстарын ұйымдастыру.	Оқу жылы барысында	Әдіскер Мейірбеике Тәрбиешілер
16	Басшылық пен бақылау: Ескертпелі,тақырыпты,жан-жақты, салыстырмалы,шұғыл тексерістерді ұйымдастыру және бақылау.	Жоспарға сәйкес	Директор Әдіскер
17	Топтар мен мамандардың бөлмелерінің бес білім саласы және қолданылатын бағдарламалар бойынша дамытушы орталықтардағы жұмыстарды ұйымдастыру және бақылау.	Оқу жыл барысында	Әдіскер
18	Ата- аналармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру және бақылау	Оқу жыл барысында	Әдіскер
19	Басқа мекемелермен бірлескен іс-шаралардың өткізілуін ұйымдастыру және қадағалау.	Жоспарға сәйкес	Директор Әдіскер
20	Аттестаттаудан өтетін тәрбиешілердің тізімін бекіту.	Жоспарға сәйкес	Әдіскер
21	Озық педагогикалық тәжірибені қарастыру, жинақтау,тарату,материалдарын жүйелеу.	Жыл бойы	Әдіскер Педагогтар
22	Әдістемелік бөлмеге жаңашыл әдістемелік оқу құралдарын жинақтау, жарнамалау, кеңестер беру, мониторинг материалдарын жинақтау	Жыл бойы	Әдіскер
23	Педагогикалық ұжымның жыл бойы атқарған жұмысының қорытындысы туралы	Мамыр	Әдіскер

№1 педогогикалық кеңес

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

р/с	Педогогикалық кеңестің бағдарламасы мен тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Жаңа оқу жылы жоспарымен таныстыру. 1.Сабақ кестесі, күн тәртібін бекіту. 2.Перспективалық жоспарды бекіту. 3.Балаларды топқа бөлу. 4.Аттестация комиссиясын құру,бекіту. 5.Шығармашылық топ комиссиясын бекіту. 6. Жас мамандар тәлімгер бекіту.	Тамыз	Директор
2	Семинар: «Мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиедегі жаңа инновациялық технологиясы».		Тәрбиеші:
4	Жол қауіпін сақтау іс-шарасы 1. Жолда жүруді үйрететін іс-шаралардың жоспарын бекіту. 2.Топтарда ортаңғыдан – МАД топтар арасында ЖЖЕ бұрышын жасау.		Әдіскер
6	Шешім қабылдау		Директор

№2 педогогикалық кеңес
Тақырыбы: « Баланың танымдық және сенсорлық қабілеттерін
қалыптастыру»

р/с	Педогогикалық кеңестің бағдарламасы мен тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	№ 1 Педогогикалық кеңес шешімінің орындалысы	Қараша	Директор
2	Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық және сенсорлық қабілеттерін дамыту».		Әдіскер.
3	Педагогтармен жұмыс: «Педагогикалық ринг» «Математика – деген қызықты»		Тәрбиеші: Шурабаева Б, Мендігазиева А Олжағалиева Г. Губайдуллина Г
4	Бала бейімделуінің І тоқсан қорытындысы бойынша анықтама		Психолог
5	Шешім қабылдау		Директор

Ашық көрсетілімдер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Жаратылыстану ашық ұйымдастырған оқу қызметі: « Жабайы жануарлар »	Қазан	Тәрбиешілер: Ортаңғы топ
2.	Сөйлеуді дамыту ашық ұйымдастырылған оқу қызметі: « Қуыршақ Әйгерімнің туған күні»		Тәрбиешілер: Ересек топ
3.	Математика негіздері ашық ұйымдастырылған оқу қызметі: «Заттарды өлшемі бойынша салыстыру »		Тәрбиешілер: МАД топ

Көрме

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Таным»саласының жинақтамалары	Қараша	Топ тәрбиешілері

Аттестаттау жұмыстары

р/с	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	2021-2022 оқу жылындағы аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту, бұйрық шығару	Қыркүйек	Директор
2	Аттестатталуға өтініш берген педагогтардың өтініштерін облыстық, қалалық білім бөлімдеріне тапсыру	Қыркүйек	Әдіскер
3	Аттестатталушы педагог қызметкерлерді аттестатталушы педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру, кеңестер беру	Қыркүйек	Аттестаттау комиссия мүшелері
4	Санатқа тапсыруға өтініш жазған педагогтардан тест сұрақтарын алу	Қараша	Аттестаттау Комиссия мүшелері
5	I кезең бойынша тест тапсыру, қорытындысын анықтау	Қараша	Аттестаттау Комиссия мүшелері
6	Біліктілік санатқа тапсырушы педагогтардың шығармашылық жұмыстарын жинақтарын жинақтау	Қаңтар	Аттестаттау Комиссия мүшелері
7	Жоғары, I біліктілік санатқа тапсырушы педагогтардың шығармашылық жұмыстарын қарау ҚББ тапсыру	Қаңтар	Аттестаттау Комиссия мүшелері
8	II біліктілік санатын тапсырушы педагогтардың II кезең бойынша шығармашылық жұмыстарын қарау, құжаттарын сараптау, хаттама толтыру * Практикалық дағдыны меңгеруі, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу * Балалармен қарым-қатынасы * Ата-анамен жұмыстары * Жұмыс бағдарламасын қорғау		Аттестаттау комиссия мүшелері
9	Біліктілік санаттан өтуші педагогқа аттестаттау парағын толтыру	Наурыз	Аттестаттау комиссия мүшелері
10	Аттестатталушыны аттестаттау материалымен таныстыру	Наурыз	Аттестаттау комиссия мүшелері
11	Біліктілік санатын растау туралы куәлік дайындау	Мамыр	Әдіскер
12	Келесі аттестаттаудан өтетін педагогтарды кестеге сай анықтап, өтініш құжаттарын жинақтау	Мамыр	Аттестаттау комиссия мүшелері

Жас мамандармен жұмыс

Мақсаты: Жас мамандарды тәрбие мен оқыту жұмыстарында жаңа технологиялық Үрдістерді қолдану түрлеріне үйрете отырып,білім деңгейлерін көтеру, шығармашылық ізденістерін арттыру,ойлау қаблеттерін,қызығушылықтарын,тіл байлықтарын жетілдіру.

р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	№1 Жас мамандар отырысы: Жас мамандар тізімін құру, жетекші тағайындау,тәлімгер тағайындау. Кеңес: «Апталық циклограмма, технологиялық картамен жұмыс жүргізудің жолдары» Кеңес: «Топ құжаттарымен жұмыс жасаймыз»	Қыркүйек	Әдіскер
2	№2 жас мамандар отырысы: Нормативтік құжаттар. Кеңес: «Мемлекеттік стандартпен жұмыс жасайық» ҚР білім берудің үлгілік жоспарын бекіту туралы бұйрық.	Қыркүйек	Әдіскер
3	№3 жас мамандар сайысы: «Туған тілім – өркенде!»	Қыркүйек	Әдіскер Жас маман жетекші мүшелері
4	№4 жас мамандар отырысы: Кеңес: «Педагог мәдениеті»	Қараша	Тәрбиеші: .
5	№5 жас мамандар отырысы: Кеңес: «Үйренейік,ізденейік,жас маман!»	Қараша	Тәрбиеші:
6	№6 жас мамандар отырысы: Іскерлік ойын: «Жетістікке жету – өз қолыңда!»	Қараша	Шығармашылық топ
7	№7 жас мамандармен отырыс: Тренинг: «Шебер топ»	Қаңтар	Психолог
8	№8 жас мамандар отырысы: «жас мамандар шеруі»-жас мамандардың ұйымдастырылған оқу қызметтерін көрсетуі.	Қаңтар	Тәлімгер Жас мамандар
9	№9 жас мамандар отырысы: Тренинг: «Мейірімді жүрек-жылы тілек»	Наурыз	Психолог
10	№10 жас мамандар отырысы: Тәжірибие алмасу: «Білім салалары бойынша жүргізілетін ойындар көрмесі»	Наурыз	Тәлімгерлер, жас мамандар
11	№11 жас мамандар отырысы: Дөңгелек үстел «Мен жас маман ретінде қалыптасуымда қандай проблемаға кезіктім және оны қалай шештім»	Мамыр	Әдіскер жас маман жетекшісі
12	№12 жас мамандар отырысы: «Күннің Іжартысындағы жұмыстарды	Мамыр	Тәрбиеші

	ұйымдастыру жолдары»		
13	№13 жас мамандар отырысы: Дөңгелек үстел: «Өз мамандығың-өз қалауың!» (кәсіптік қандай қиын болды-оны қалай шештім)-жас мамандар есебі	Мамыр	Әдіскер
14	Педагогтарды ашық шараларға, ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатынасуларын қадағалау	Жыл бойы	Тәлімгер, Шығармашылық топ Әдіскер
15	Педагогтарды әдістемелік оқулықтармен,басылымдармен өз білімдерін жетілдірту	Жыл бойы	Тәлімгер Шығармашылық топ Әдіскер
16	Педагогтардың шараларының сценарилерін құруларына көмектесу	Жыл бойы	Тәлімгер, Шығармашылық топ Әдіскер
17	Педагогтардың оқу қызметіне,күн тәртібібойынша жұмыстарына қатынасу,бағыт бағдар беру.	Жыл бойы	Әдіскер. Тәлімгер. Шығармашылық топ

Шығармашылық топ жұмыстары

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Директор
1	Балабақшада шығармашылық топтың құрамын,жоспарын бекіту,жұмысын ұйымдастыру	Қыркүйек	Директор
2	Тақырыптық жоспарлардың бағдарламаларға сәйкестігіне талдау жасау.	Қыркүйек	Шығармашылық топ
3	Оқу-тәрбие бағдарламалары бойынша тәрбиешілерге көмек. көрсету. Тәрбиешілердің,мамандардың бағдарламаға сай құжаттарының дайындығы,	Қыркүйек	Шығармашылық топ
4	Педагогтардың іс-тәжірибесі тақырыптарына сәйкес жұмыстарын ұйымдастыру	Қазан	Шығармашылық топ
5	Тәрбиешілердің педагогикалық біліктілігін зерттеу.	Қараша	Шығармашылық топ
6	Ересектер тобының балалардың мектепте оқуға дайындық деңгейіне талдау жасау	Қаңтар	Шығармашылық топ
7	Кезекті педагогикалық оқуға педагогтарды дайындау.	Ақпан	Шығармашылық топ
8	Ересектер топтарында оқу-тәрбие білім деңгейінің мониторингін жүргізу	Желтоқсан-Мамыр	Шығармашылық топ

№3 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Дидактикалық ойындар мен театр арқылы балалардың тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу»

р/с	Педагогикалық кеңестің бағдарламасы мен тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	№2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалысы	Ақпан	Директор
2	Баяндама: «Балалардың тілін дамыту жұмыстарын дидактикалық ойындар, өлеңдер, қызықты анимациялар, суреттер мен театрландырған көріністерді пайдалану арқылы жетілдіру»		Әдіскер
3	Педагогтармен тәжірибе алмасу: «Театрландырған көріністер, қызықты анимациялар, дидактикалық ойындар»		Ересек топтар
4	Тренинг: «Мен қандай педагогпын?»		Психолог
5	Кеңес: «Бала тілін дамыту жұмыстарының тиімділігі».		Тәрбиеші
6	Шешім қабылдау		Директор

Ашық көрсетілімдер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Көркем әдебиет ашық ұйымдастырылған оқу қызметі.	Желтоқсан	Тәрбиешілер: Кіші топ
2	Қоршаған ортамен танысу ұйымдастырған оқу қызметі.		Тәрбиешілер: Ортаңғы топ
3	Математика негіздері ашық ұйымдастырылған оқу қызмет.		Тәрбиешілер: Ересек топ
4	Сөйлеуді дамыту ашық ұйымдастырылған оқу қызметі.		Тәрбиешілер: МАД топ
5	Музыка ашық ұйымдастырлығын оқу қызметі.		Музыка саз жетекшісі.
6	Орыс тілі ашық ұйымдастырылған оқу қызметі.		Орыс тіл маманы:
	Дене шынықтыру ашық ұйымдастырылған оқу қызметі.		Дене шынықтыру нұсқаушысы:

Көрме

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Театр жәрменкесі»	Ақпан	Топ тәрбиешілері

Жол қауіпсіздігін сақтау іс-шаралар жоспары

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балаларға жолдағы қауіпсіздік дағдысын қалыптастыру, күнделікті өмірде алған білімдерін қолдана білетіндей балалардың өз – өздеріне қызмет ету қабілеттерін дамыту, жолда жүру ережесін мұқият сақтауға, жауапкершілік сезімдерін дамыту, зейінді, епті болуға тәрбиелеу, балалардың өмірін қорғау және ата-анамен бірлесе жұмыстар жүргізу.

р/с	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Жолда жүруді үйрететін іс-шараларының жоспарын жасап, талқылап бекіту	Қыркүйек	Директор Әдіскер
2	Топтарда жолда жүру ережесі бұрышын жасақтау	Қыркүйек	МАД тобы, ортанғы, ересектер топ тәрбиешілері
3	«Жолда жүру ережесін білу-бәрімізге міндетті» (үгіт насихаттау бетшелері, кеңестер)	Жыл бойы	Тәрбиешілер
5	Серуен: Жаяу жүргінші жолының қауіпсіздік ережелері!»	Қазан	Ортанғы топ тәрбиешілері
6	Серуен: «Жолда жүре білесің бе?	Қазан	МАД топ тәрбиешілері
7	«Жолың болсын, балақай!» Ұжымдық сайыс	Қараша	Ересектер топ тәрбиешілері
8	«Бағдаршам-біздің досымыз!» (жол белгілері) Топтық сайыс	Желтоқсан	Кіші топ тәрбиешілері
9	Сурет бойынша әңгіме: «Қонжыққа жолда жеру ережесін үйретейік»	Қантар	Кіші топ тәрбиешілері
10	Сөздік ойын: «Не? Қайда? Қайдан?»	Ақпан	МАД топ тәрбиешілері
11	Сюжетті-ролдік ойын «Жол полициясы»	Наурыз	Ересектер топ
12	«Жол білмейтін бауырсақ» ертегісін сахналау	Сәуір	Ортаңғы топ тәрбиешілері
13	Сурет көрмесі: «Біздің көше»	Мамыр	Ересектер тобы Ортаңғы тобы тәрбиешілері
14	Викториналық сұрақ: «Жол тәртібін жадында ұста!»	Мамыр	МАД тобы,
15	Күннің Ішартысында жол ережесі бұрышында жұмыстарды жандандыру. (ойындар ойнату, әдебиеттер оқу, бейнетаспалар қарау)	Ай сайын	Топ тәрбиешілері

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау

Мақсаты: Балалар өмірі мен тұлға қауіпсіздігінің сақталуына жағдай жасау, түрлі аурулардың алдын-алу, жарақаттануды болдырмау. Белсенді қимыл-қозғалыс, өз еріктерімен гигиеналық шараларды орындау дағдыларын бекіту, құрдастармен және ересектермен қарым қатынаста жұмыс жасауға үйрету, әлеуметтік – мәдени сәйкестену мен төзімділігін тірбилейтін орта қалыптастыру. Балалардың өмір қауіпсіздігі мен өмірін қорғау жұмыстарын нығайту.

